

ӘЛ-ФАРАБИ ЖЫЛЫ БАСТАЛДЫ

ҚазҰУ-дың Студенттер сарайында Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойының ресми ашылу рәсімі болды. Шараға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев және университеттің құрметті қонақтары қатысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері «ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ» челленджін іске қосып, орасан зор флеш-моб өткізді. ЮНЕСКО қамқоршылығымен 1150 жылдығын бүкіл әлем тойлап жатқан ұлы ойшыл әл-Фараби ескерткішінің алдында әр факультеттен жиыны 5 мыңнан астам студент жиналды.

«ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ» ЧЕЛЛЕНДЖІ

Бұл теңдесі жоқ жоба ғұлама әл-Фарабидің адамзат үшін ең басты деп санаған құндылықтары: мейірімділік, парасаттылық, адалдық және әділдік туралы еске салу үшін елдегі игі істер эстафетасын іске қосты.

Челленджге кез келген адам қатыса алады. Ол үшін әлеуметтік желілерде қайырымды іс-әрекеттер, қайырымды және ізгі істер туралы пост, фотосуреттер немесе видеоролик жариялау жеткілікті. Челлендждің ұйымдастырушылары эстафетаны жалғастыруды және оны #AlFarabiQQ хэштегімен сүйемелдеуді ұсынады.

Жалғасы 4-бетте

БІРЛЕСКЕН ЖОБА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Сауд Королі атындағы университет (Сауд Арабиясы) ынтымақтастық туралы келісімге қол қояды. Бұл шешім ҚазҰУ басшылығының Сауд Арабиясының ғылым және инновация министрінің орынбасары Nasser Muhammed Al-Aqeeli мырзаның бастауымен келген Сауд Арабиясының делегациясымен кездесуі кезінде қабылданды.

ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов қонақтарды қарсы алып, экономика, ғылым және білім саласында бірлескен жобаларды жүзеге асыруға ықпал ететін екі елдің достық қарым-қатынасын атап өтті. «Жаһандану дәуірінде жаңа технологиялар мемлекет пен қоғамның даму үдерісінің жылдам өркендеуіне ықпал етеді. Сондықтан ғылым мен білім саласындағы ынтымақтастық қоғам үшін әрқашан маңызды. Ғылым мен технологиядағы жаңа бағыттардың жаңа беттерін аша отырып, университеттер бірлесіп үлкен нәтижелерге қол жеткізе алады», – деп атап өтті ҚазҰУ ректоры.

Өз кезегінде Сауд Арабиясының делегациясы ҚазҰУ-дың ислам әлеміндегі ең үздік жоғары оқу орны болып табылатындығын атап өтіп, оның маңыздылығы мен белсенділігін тілге тиек етті.

Сондай-ақ мәртебелі қонақтар БҰҰ Өркениеттер альянсымен бірге «Университет 4.0» моделі аясында жүзеге асырылатын Жібек жолы университеттері Альянсының суперкомпьютеріне және халықаралық IT-технопаркіне қызығушылық танытты.

Жалғасы 2-бетте

Мерекелік шара «Әл-Фараби орталығының» салтанатты тұсаукесері мен әдебиет және мәдениет саласының қайраткерлеріне Елбасының мемлекеттік стипендиясын тапсырудан басталып, университеттің бас алаңындағы әл-Фараби ескерткішіне гүл шоқтарын қоюмен ұласты.

Студенттер сарайындағы мерекелік ресми салтанатты Қырымбек Көшербаев ашты.

Салтанатты шараны аша отырып Қырымбек Көшербаев Әл-Фарабидің 1150 жылдығын мерекелеу арқылы шетелде және біздің елде ұлы ғұлама мұраларын зерттеп, олардың қазіргі өркениеттің дамуындағы ықпалын терең түсінуге серпін беретіндігін тілге тиек етті.

Мемлекеттік хатшы сонымен қатар, Шығыстың ұлы ойшылының мерейтойы ЮНЕСКО-ның атаулы күндер мен оқиғалар күнтізбесіне енгенін және ИСЕСКО, ИЫҰ, ТҮРКСОЙ және т.б. ұйымдардың қолдауымен халықаралық мәдени алаңда кеңінен аталатындығын айтты.

«Қазақстандағы алдыңғы қатарлы университеттерінің бірі әл-Фараби есімімен аталады», – деп атап өтті өз сөзінде ЮНЕСКО-ның Қазақстан, Қырғызстан,

Тәжікстан және Өзбекстан бойынша кластерлік бюросының директоры Ms. Krista Pikkat. – Университет өз қызметінде танымдық мәселелерге назар аударып, адамның мүмкіндіктерін ашу мен қабілеттерін дамытуға ұмтылады. Университет ұжымы және студенттерін осы мерекемен құттықтағым келеді, сіздерге толағай табыс тілеймін!

«Ұлы философ-ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толу мерейтойының әлемде оның есімімен аталатын бірден-бір университеттен басталғандығы – біздер үшін зор қуаныш, үлкен мәртебе дейді – ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов. «Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму жөніндегі жаһандық хабы ретінде ҚазҰУ ғұламаның қайырымды қоғам туралы ілімінің негізінде Университет – 4.0 жаңа легінің моделін дайындап, өткен жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде, ал биыл Ислам Ынтымақтастығы Ұйымында ұсындық. Жаңа жоба халықаралық ауқымда қолдау табуда. Осылайша, әл-Фарабидің мерейтойы Қазақстандағы жоғары білімнің дамуына жаңа серпін береді».

Жалғасы 4-бетте

ТҰРАҚТЫ ДАМУ
ЖОЛЫНДА




2-бет

ӘЛ-ФАРАБИ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ТҰСАУКЕСЕРІ



4-бет

КЕМЕЛ
ҚОҒАМ ҚАНДАЙ
БОЛУЫ КЕРЕК?



6-бет

Жалғасы. Басы 1-бетте

Айта кету керектігі, IT-технопаркi мен «Silicon Valley» моделi бойынша құрылған суперкомпьютерлiк және бұлтты есептеулер орталығы ҚазҰУ-дың «Жоғары технологиялар аймағында» орналастырылатын болады.

Кездесу барысында екі жақ ортақ мүдделерді ескере отырып, ынтымақтастық бағытын егжей-тегжейлі талқылау үшін екі Университеттің жұмыс тобын құру туралы шешімге келді. Сауд Арабиясының өкілі атап өткендей, бұл құжат ЖОО арасындағы коллаборация үдерісін жеделде түседі.

Тараптар сондай-ақ IT, химия, физика, биология және нанотехнология саласындағы бірлескен ғылыми-инновациялық жобаларды жүзеге асыруға мүдделі екендіктерін білдірді.

РЕКТОРАТ

Ақпанның басында өткен ректораттың апталық жиынында кафедралар мен факультеттердің стратегиялық көрсеткіштерін саралау және академиялық сарапшылар мен сарапшы-жұмыс берушілерді тіркеу мәселесі талқыланды. Бұл туралы ҚазҰУ-дың стратегиялық даму жөніндегі орталықтың директоры Гүлшарат Салауатқызы Минажева толыққанды ақпарат берді.

БАСЫМДЫ
БАҒЫТТАР

Қос дипломды бағдарламалар, MOOK, QS by Subject рейтингісінде білім беру бағдарламаларын (ББ) ілгерілету, оқу процесіне шетелдік оқытушыларды тарту, жұмыс берушілердің курстары, кафедра бөлімшелері, шетелдік студенттерді тарту, халықаралық білім беру жобаларын жүзеге асыру сияқты позициялар бойынша алдыңғы үштік орынды жаратылыстану ғылымдары факультеті алды. Жасалған сараптама бойынша бірінші орын биотехнология кафедрасына берілсе, екінші мен үшінші орынды плазма физикасы мен компьютерлік физика кафедрасы және қатты дене және сызықтың емес физика кафедрасы тиісінше алды. Ал төртінші орын органикалық заттар химиясы мен технологиясы, табиғи қосылыстар және полимерлер кафедрасына бұйырды. Үздік он кафедра қатарына сондай-ақ халықаралық қатынастар мен әлемдік экономика кафедрасы еніп, алтыншы орыннан көрінді. Ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша да бұл кафедралар басқалардан озық болды. Мәселен, плазма физикасы мен компьютерлік физика кафедрасының Skorps журналында жарияланған мақалалар саны 26 жетіп, бірінші орынды иеленді. Екінші орын мен үшінші орындарды теориялық және ядрелік физика кафедрасы мен органикалық заттар химиясы мен технологиясы, табиғи қосылыстар және полимерлер кафедрасы алды. Сондай-ақ кафедралардың әлеуметтік тәрбиелік жұмыстары да сараланып, берілген стипендиялар мен дотациялар көлемі бойынша биотехнология кафедрасы үздік деп танылды. Негізі кафедралар үш топқа бөлініп, қызметтері үш бағыт бойынша қарастырылды.

Баяндамашылардың айтуы бойынша алда жасалатын жұмыс әлі жетерлік, сондықтан кейбір бағыттар бойынша белгіленген көрсеткіштерді арттыру қажет. Оның ішінде ғылыми мектептердің мүмкіндіктерін біріктіру арқылы жаңа пәндікаралық ғылыми бағыттарды дамытып, кәсіпорындарда кафедралардың бөлімшелерін ашу сияқты жұмыстарын жалғастыру қажеттілігі айтылды. Кафедралар тарапынан да атқарылатын жұмыстар тізімі де айтылды. Оның ішінде халықаралық жан-жақты қарым-қатынастарды нығайта отырып, қос диплом мен ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалардың бәселестікке қабілеттілігін арттыруға назар аударылды.

Гүлжан МЕДЕТ

БІРЛЕСКЕН ЖОБА



ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖОЛЫНДА

«Digital Almaty 2020» халықаралық форумы аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов БҰҰ Бас хатшысының орынбасары Фабрицио Хохшильдпен және БҰҰ Ғаламдық коммуникация департаментінің өкілі Властимил Самекпен кездесті.



Тараптар ҚазҰУ-дың БҰҰ «Академиялық ықпал» бағдарламасының тұрақты даму бойынша жаһандық хабы ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының 75 жылдығына арналған шараға қатысуын талқылады.

Фабрицио Хохшильд БҰҰ-ның жаһандық даму мақсаты жолында қазақстандық ЖОО-да жүзеге асып жатқан халықаралық бастамалар мен жобалардың мазмұндылығына тоқталып,

Жаһандық хабты басқарып отырған ҚазҰУ жұмысына алғысын білдірді. Сондай-ақ ол әл-Фараби мерейтойына арналған шаралардың маңыздылығын айтып, адамзат өркениетінің тұрақты дамуында өзектілікке ие болатын ғұламаның ізгілікті идеяларын насихаттау қажеттілігін жеткізді.

ІЗГІЛІК ҮШІН МАРАПАТ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов ғалым ретіндегі көрнекті еңбегі мен ғылым және білім беру салаларындағы қарым-қатынасты дамытуға қосқан үлесі үшін Түркия Республикасының мемлекеттік жоғары наградасына лайықты деп танылды. Бұл жайында Түркия Парламентінің депутаты Метин Гюндогду Алматыда әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын атап өту мерекесінің бастау алған салтанатында хабарлады.

Салтанатты шарада сөз алған түркиялық депутат академик Ғалым Мұтановтың ғылым және білім беру салаларындағы Қазақстан мен Түркия елдері әріптестіктерінің дамуында, екі елдің достық қарым-қатынасының артуында еңбегі зор екендігін айтты. Марапат Анкарада Түркия Парламентінде табыс етіледі.

«Академик Ғалым Мұтановты біз көрнекті ғалым ретінде білеміз, оның жетекшілігімен

ұлы әл-Фараби есімін иеленген Қазақ ұлттық университеті түркі әлемінің үздік университеті болып танылды. Қазақ даласының және түркі әлемінің тумасы, адамзаттың ғұлама ойшылы әл-Фараби мұраларын және ізгілікті идеяларын сақтап, жаңғыртудағы ҚазҰУ-дың орнын ерекше атап өткім келеді», – деді Метин Гюндогду.

Мұндай наградамен мемлекет және қоғам қайраткерлері, көрнекті ғалымдар мен дипломаттар марапатталады.

KAZNU.KZ

QazUÝ-da Trksoı kafedrasynyń 1-3 krs stýdentterine «TRKSOI» halyqaralyq uıymy atynan shkirtaqy tabystaı rsimi oıttı.

Marapattaı rsiminde «TRKSOI» halyqaralyq uıymynyń bas hatshysy Qaseinov Dsen myrzanyń atynan uıymnyń Qazaqstan Respblikasyndaıy oıkili Asqar Trġanbai sz alyp, TRKSOI halyqaralyq uıymynyń 2015 jyldan beri QazUÝ-dyń senimdi seriktеси болып tabylatyndyġyn jne bylġy oıqy jylynda Trksoı kafedrasynyń zдіk oıqtyn stýdentterine jalpy sommasy 1 mln. teńge kleminde shkirtaqy usynylġanyń aıtty.

Qazirgi jahandany zamanynda Trki halyqtarynyń birligi men olardyń arasynda tarhi-mdeni sabaqtastyqtyń damýyna sińirip jatqan eńbegi jne yníversitetpen udayı baılanysta болып, stýdentterdi yntalandyrý maqsatynda arnayı shkirtaqy taġayındaġany shin QazUÝ rektory Galym Mutanov yníversitet uıjmy atynan TRKSOI halyqaralyq uıymyna alġys bildirdi.

Shkirtaqy iegeri atañan Toiboldy Aigerim, «TRKSOI» halyqaralyq uıymy men yníversitettiń jastardyń sapaly bilim alýyna bergen mmkindikterine sheksiz rızashylyq bildirip, ustazdardyń zderine artqan senimin aqtap, jaqsy mamam iesi bolatyndyġyna sz berdi.

Byıl ġulama oıshyl Ábý Nasyr Ál-Farabidiń 1150 jyldyġyna orai Ál-Farabi atyndaġy Qazaq ulttyq yníversitetinde TMD, alys jne jaqyn shetel jne elimizdiń 11-12 synyp oıqyshylary arasynda halyqaralyq «Ál-Farabi» olimpiadasy bastaldy.

2020 jyldyń 21 qańtarynan bastap «Ál-Farabi» olimpiadasyna tirkely jne baıqaı testileıy oıtyde. Olimpiada sh kezeńnen turady. Birinshi jne ekinshi kezeń On-line rejiminde www.kaznu.kz saıtynda oıtedi. Olimpiadanyń shinshi kezeńinde jeńimpazdar QR BGM-niń I, II jne III drejeli diplomdarymen marapattalady, bul joġary oıqy ornyna tsyń kezinde artyqshylyq quqyġy beredi, sondar-aq QazUÝ-diń ishki grantyna ie bolady. Ál-Farabi atyndaġy QazUÝ-diń sheteldik talapkerleri shin yníversitetke tsy emthandarynan bosatylyp, ishki grantty ielenıye mmkindik beredi.

Olimpiada qazaq, orys jne aġylshyn tilдерінде 13 jalpy bilim беретін pnder boıynsha otkiziledi. Qazaqstandyq oıqyshylar shin I kezeń 17-18-aqpan aralyġynda, al II kezeń – 4-naıryz kni onlain rejiminde otkiziledi. Sheteldik oıqyshylar shin I kezeń 2020 jyldyń 19- aqpanynda oıtedi.

II kezeń 4-shi naıryzda barlyq memlekette, bir yaqytta onlain rejiminde oıtedi. Qazaqstandyq oıqyshylar shin III kezeń 2020 jyldyń 2-3-sıyirinde l-Farabi atyndaġy QazUÝ-da bastalady.

Shetel oıqyshylary shin III kezeń ngimelesıy trinde 27 naıryzda oıtedi. Tolyq aqparatty bizdiń saıtymyzdan «Oıqıya tsshilerge» bliminen bile alasyzdar.

Jyrda shyġystaný faklteti Qıyr Shyġys kafedrasynyń oıqtshysy, PhD A.E. Bellova Kkshetaıy qalasыndaġy «Bilim-innovasia» lseiniń 11-synyp oıqshylarymen kezdesıy otkizdi. «Bilim-Innovasia» lseileri – shet tilderin oıqtýda basymdylyq pen erekshe talap qoıy arquly oıqshylary halyqaralyq ziatkerlik olimpiadalaryń jeńimpazdary men jldegerleri болып tabylatyn, trt tilde (qazaq, orys, trki jne aġylshyn) bilim беретін Qazaqstandaġy «KATEV» qoġamdyq qorynyń basqarıyndaġy mektepter jelisi.

Kezdesıy maqsaty – stýdentterge ksıptik baġyt-baġdar беріп, l-Farabi atyndaġy Qazaq ulttyq yníversitetinde, атап atqanda, shyġystaný fakltetinde bilim alýdyń artyqshylyqtaryn tsindirıy boldy. Ph.D Bellova A.E. Qıyr Shyġys kafedrasynyń qyzmeti jaıly dris oıqyp, kafedra stýdentteriniń mirinen qysqasha beınefilm krsetip, bolashaq talapkerlerge fakltet traly tolyq aqparaty bar broshrular usyndy. ngime barysynda mektep oıqshylarynyń qyzyġshylyġyn tdyratyn mańyzdy aspektilerge, iaġni oıqtıdy uıymdastyry, onıń ishinde, oıqtshy-professorlar quramy, qujattardy qabyldaı jne tapsıry erejeleri, fakltet tlekerleriniń bolashaqta jumysqa ornalasý mmkinshilikteri, yníversitette alġan bilimderiniń qoldaný aiasyna jne t.b. nazar aıdaryлды.

11 synyp oıqshylary shin birinshi jartyjyldyq – bul mamandyq tańdaıda erekshe mańyzdy kezeń. Qazirgi yaqytta ksibi baġyt-baġdar berı jumystary mektep muġalimderi мен ksıptik oıqy oryndaryn biriktire otyryp, joġary qarqynmen jrgizilyı qajet. Oı tańdaıyn durys jasaġan jne belgili bir salada ynta-jigermen bilim alatyn oıqshylar Qazaqstannyń turaqtylyġy мен damýyna kepildik беретін мемлекет пен qoġam shin mańyzdy strategialyq resýrs.

Ректор КазНУ им. аль-Фараби академик Галым Мутанов удостоен высокой государственной награды Турецкой Республики

КАЗНУ ОТКРЫВАЕТ ФИЛИАЛ В СИРИИ

Ведущий казахстанский университет КазНУ им. аль-Фараби откроет в столице Сирии г. Дамаск филиал. Эта инициатива была озвучена во время старта празднования 1150-летия Абу Насра аль-Фараби, который прошел в Алматы.

Выступая на официальной церемонии открытия юбилейного Года Аль-Фараби Государственный секретарь РК К.Кушербаев отметил, что в рамках празднования 1150-летнего юбилея великого мыслителя запланированы широкомасштабные мероприятия не только в стране, но и за рубежом, в том числе открытие филиала КазНУ на базе историко-культурного центра Казахстана в г.Дамаск.

Эта инициатива была обсуждена на встрече ректора КазНУ академика Галыма Мутанова с президентом Университета Дамаска профессором Мохаммедом Махер Кабакиби, который прибыл на торжества



по случаю открытия Года Аль-Фараби.

«Мы полностью поддерживаем эту идею и будем помогать становлению и развитию филиала. Это станет хорошим примером международной колоборации, будет способствовать укреплению

двусторонних отношений Казахстана и Сирии в научно-образовательной сфере, а также проведению глубоких исследований наследия Аль-Фараби», - отметил ректор Университета Дамаска.

Во время зимней школы кафедра Дальнего Востока факультета востоковедения приняла гостей из Токийского университета, организовав насыщенную программу встреч и семинаров.

ЗИМНЯЯ ШКОЛА

В состав почетной делегации, которую радушно встретила кафедра Дальнего Востока, вошли профессора Тономура Масару и Окада Теруэ с магистрантами и докторантами из Токийского университета (The University of Tokyo). Этот вуз входит в число ведущих университетов мира в рейтинге QS.

Очень содержательно прошел семинар «Multiculturalism in Japan». Презентации студентов из Токийского университета вызвали большой интерес и живой отклик. Во время обсуждения участники поделились мнениями. Встреча прошла в теплой и неформальной атмосфере.

В работе кафедры Дальнего Востока, включающей отделения корееведения и японоведения, уделяется большое внимание развитию этих двух направлений. Профессор Тономура Масару много лет посвятил изучению особенностей культуры, языка корейского народа. В настоящее время в фокусе его внимания - исследование корейцев, проживающих в Японии. Он свободно владеет корейским и японским языками, поэтому общался со студентами и ППС кафедры на двух языках.

Встреча с коллегами из Токио – знаменательное событие в жизни кафедры, поскольку впервые были затронуты вопросы взаимопроникновения и обогащения двух языков и культур.

Во время визита гости посетили кампус КазНУ, редакцию «Корё ильбо», Ассоциацию корейцев Казахстана и другие организации.

Кафедра Дальнего Востока



МАҢЫЗДЫ СЕМИНАР



ҚазҰУ-да Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойының республикалық жоспары шеңберінде өтуіне, Шығыстану факультеті де бірқатар жұмыстар атқарып жатыр. Жуырда өткен «Орталық Азия елдерінің араб әлемімен тіл, тарих және мәдениет салаларындағы байланысы» атты ғылыми-практикалық конференциясы соның бір көрінісі.

Шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы оқытушы-профессорлар қауымының қатысуымен араб тілін үйретудің әлемдік стандарттарын енгізген «European Observatory of Teaching Arabic Language – AL-Marsad» Еуропалық обсерваториямен (Франция) бірлесіп ЖОО оқытушыларына арналған араб тілінен II республикалық семинар ұйымдастырды.

Шығыстану факультетінде өткен әдістемелік семинар Обсерватория директоры доктор, профессор Әбу Халид Амша жүргізген «Екінші тіл ретінде араб тілін үйретудің Еуропадағы әлемдік стандарттары» атты тақырыпта өрбіді. Әлемде қолданысы жағынан алдыңғы қатарлы бестікке кіретін араб тілінің өзектілігі мен маңыздылығын, оны үйрену мен үйретудің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталған доктор Халид Еуропалық Орталық ұсынып отырған араб тілін екінші тіл ретінде шетелдіктерге үйретудің заманауи әдіс-тәсілдері мен озық үлгілерін Франциялық обсерваторияның көп жылдық тәжірибесінің жемісі екендігін жеткізді.

Семинардың келесі күні «Шетелдіктерге араб тілін үйретуде араб тілінің оқытушысы тап болатын маңызды проблемалар мен оларды шешудің жолдары» атты дөңгелек үстелмен жалғасты.

Дөңгелек үстелді жүргізіп отырған доктор Амша араб тілін үйретудің әлемдік стандарт орталығы Еуропалық

Обсерватория негіздеген шет тілін үйретуде басты назарда ұстайтын аса маңызды жайттары атап өтті. Кез - келген шет тілін меңгерту барысында сол ортаның қоғамдық жағдайы, мәдениеті, тілдік ерекшелігі, ұлттық бірегейлігі, менталитеті, дәстүрі және т.б. ескерілуі, күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын лексикалық бірліктер мен өмірден алынған ықшамды диалогтардың білім алушы деңгейіне сай сәтті таңдалып берілуі, сондай-ақ, студенттерді сатылай оқыту тәжірибесінде оларға қойылатын талаптар мен талқыланатын тақырыптардың (күнделікті өмір, қоғамдық, әлемдік мәселелер) білім алушының деңгей көжиегімен сәйкес келуі маңызды екендігін алға тартты.

Аталмыш семинардың соңғы күні Мысырлық ғалым профессор Саид Иззат Әбу әл-Уафа семинарға қатысушыларды «Араб тілін үйренеміз» (араб тілінде) атты деңгейлік оқулықтарымен таныстырып, Қазақстан ЖОО мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушыларына арналған еуропалық стандартқа сай әзірленген

араб тілін үйретудегі бірегей әдіс-тәсілдер мен оқу бағдарламаларын ортаға салды. Сатылай білім берудің әлемдік тәжірибесі жинақталған оқулықтар мен оқу құралдар тізбегі семинарға қатысушы, оқытушы-профессорлар қауымының қызығушылығын арттыра түсті. Осындай халықаралық деңгейдегі ғылыми-әдістемелік іс шаралар өз нәтижесін беруде.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Шығыстану факультеті басшылығы «European Observatory of Teaching Arabic Language – AL-Marsad» (Франция) Еуропалық обсерваториямен бірлесіп ЖОО оқытушыларына арналған II республикалық семинарға қатысқан оқытушы-профессорлар құрамына сертификаттар берілді.

**П. СҮЛЕЙМЕНОВ,
А. ХАВАН,**

*Таяу Шығыс және
Оңтүстік Азия кафедрасы*

Дамаск қаласында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филиалы ашылады

ӘЛ-ФАРАБИ ЖЫЛЫ БАСТАЛДЫ



Әл-Фараби мерейтойы аясында Парижде, Нұр-сұлтан қаласында және Түркістан облысында, ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде ғылыми симпозиумдар өткізу жоспарланған. Оған әлемнің 40-тан астам елінің алдыңғы қатарлы Фарабитанушы-ғалымы қатысады, халықаралық экспедициялар ұйымдастырылады, тарихи мәдени нысандар қайта жаңартылып, ғалымның ғылыми еңбектері басылып, көшірілетін болады, сондай-ақ деректі фильмдер циклі жасалып, шет елдерде әл-Фараби орталықтары ашылып және басқа да шаралар ұйымдастырылады.

Әл-Фарабидің мерейтойлық жылының ашылуында БҰҰ, ЮНЕСКО, ИЫҰ, ТҮРКСОЙ және басқа да халықаралық ұйымдардың, Қазақстандағы дипломатиялық миссиялардың өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, жоғары оқу орындарының ректорлары, ғылыми орталықтар мен ҒЗИ басшылары, белгілі шетелдік және отандық ғалымдармен қатар, отандық және шетелдік БАҚ өкілдері қатысты.

Өз тілшімізден

ӘЛ-ФАРАБИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ

ҚазҰУ Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын бастап жіберді. Мерейтойлық шара университеттің құрметті қонақтарына ертемен есігін айқара ашқан «Әл-Фараби Орталығының» тұсаукесерінен басталды. Шараға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев қатысты.



Әл-Фараби орталығы» ҚазҰУ-дың «Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мәдениеті» республикалық ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік орталығының базасында 1993 жылы 1 қаңтарында құрылған болатын, – дейді мекеме директоры Бекжан Мейірбаев. – Алайда ауқымды мерейтойлық іс-шаралар шеңберінде оның атқаратын қызмет аясы кеңейді – Орталық ғылыми-зерттеу және білім беру функцияларынан басқа, ұлы ойшылдың идеялары мен шығармашылығын насихаттаумен айналысады. Сонымен қатар, ғылыми жарияланымдар мен мақалалар талқыланатын, бұқаралық онлайн-курстары мен дискуссиялық алаңдары

бар сапалы білімдік контенттегі онлайн порталы құрылады. Шын мәнісінде, бұл бүкіл әлемдік фарабитанушылар үшін ашық диалог алаңы болмақ. ҚР мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев бастаған құрметті қонақтар ҚазҰУ әл-Фараби орталығындағы мұражайдың экспозицияларымен танысты. Қонақтар осындағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне, Абай, Алаш қозғалысының қайраткерлеріне, сондай-ақ сирек және құнды кітаптар қоры, сандық оқу залдарын аралап, үлкен әсер алып шықты.

Өз тілшімізден

Жалғасы. Басы 1-бетте



1150 жыл
Әл-Фарабидің мерейтойы

«ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ» ЧЕЛЛЕНДЖІ #AlFarabiQQ

«Әл-Фараби «Бақыттың мәні – Жоба жастар арасында волонтерлік парасаттылықта, әркімнің өз алдында қозғалысты дамытуға, әлеуметтік игілікті мақсат қоя білуінде... адамның ынтымақтастықты нығайтуға өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті және тек жаһандық ғана емес, сонымен қатар жергілікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап қоғамдастық мәселелерін де шешу отыруында», – деген болатын. Әрбір адамның жақсылық жасауға, бойынша бастамашылық топтарды өзін және айналасындағыларды ұйымдастыруға, нақты адамдарға бақытты етуге бар күш-жігері жетеді. көмек көрсетуге бағытталған. Егер біз әрқайсымыз өз-өзімізді Челлендж медиакеңістікте оң көзқарас жетілдіруге және жақсы іс-әрекеттер көрсетуге және бір-біріне мейірімділік жасауға ұмтылсақ, баршамыз бірге пен жанашырлық таныта отырып, Қазақстанды қуатты ұлт пен жауапты қиын қыстау жағдайға тап болған адамдардан тұратын - табысты, адамдардың өміріне бей-жай қарамай, қайырымды елге айналдырамыз», - бір-біріне көмектесу арқылы, нақты іс-дейді флеш-мобқа қатысқан екінші әрекеттер жасаудың маңызды екенін курс студенті Хасан Нұрсат. еске түсіруге мүмкіндік береді.



Әл-Фараби орталығында мәдениет саласы бойынша ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының 2019 жылғы мемлекеттік стипендиясы табысталды

Государственный секретарь РК Крымбек Кушербаев в «Центре Аль-Фараби» вручил государственные стипендии Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы в области культуры за 2019 год.

СТИПЕНДИИ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА

75 деятелей литературы и искусства Казахстана.

Почетной стипендии Первого Президента – Елбасы удостоены мэтры казахстанской литературы и искусства Абдижамил Нурпеисов, Кайрат Байбосынов, Журсин Ерманов, Меруерт Утекешева, Александр Гаркавец, Гульвира Разиева и другие.

Государственная поддержка также оказана молодым дарованиям, в числе которых лауреат Каннского международного кинофестиваля Самал Еслямова, актриса Айнур Рахипова, артист балета Бахтияр Адамжан, поэт Канат Омаров, исполнитель традиционного музыкального искусства Медыгат Манапов, кинорежиссер Фархат Шарипов и другие.

Соб. корр.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Түркия, Грекия және Сирия университеттерінің және халықаралық ұйымдардың өкілдері бас қосып, Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына арналған шетелдердегі шараларды ұйымдастыру мәселелерін талқылады.

ШЕТЕЛДЕРДЕ ӘЛ-ФАРАБИДІҢ 1150 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ШАРАЛАР

«Кешегі әл-Фараби жылының ашылу салтанатынан кейінгі нақты жасалатын қадамдарға келсек, алдымен ұлы оқытушының туған жері Отырардан автокөлікпен шығатын 9 күндік «Әбу Насыр Әл-Фараби ізімен» халықаралық экспедициясын (Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Иран, Ирак, Ливан, Сирия) айтамыз. Ташкентте, Ашхабадта, Иран қалаларындағылымиконференциялар өткізіледі. Сирия астанасы Дамаскіде ірі форум болады. Дамаск университетіндегі әл-Фарабидің тарихи-мәдени орталығында ҚазҰУ филиалы ашылмақшы. Бұл елдердің барлығы мерейтойлық шараларға дайындалуда. Күзге қарай Қазақстан астанасында «Әл-Фараби және әлемдік өркениет» атты халықаралық форум өткізіледі. Әл-Фараби жылы

18 қарашада Париж қаласында аяқталады» – деп Қайрат Лама Шариф алдағы жоспар туралы толық мәлімет берді.

Әл-Фараби жылын мерекелеу жоспарымен толықтай танысқан шетелдік ғалымдар өз тараптарынан көрсетілетін көмектер туралы ұсыныстарын айтты.

Әл-Фараби Түркияның шығысындағы ежелгі Хара қаласында біраз уақыт өмір сүрген екен. Бұл туралы Түркия премьер-министрінің кеңесшісі, БҰҰ Өркениет Альянсы бойынша Түркия ұлттық үйлестіру комитетінің төрағасы Бекір Қарлыға мәлімдеді және Ыстамбұл, Анкара қалаларында ғылыми конференция өткізуді ұсынды. Фарабитанушы ғалым Бекір Қарлыға 40 жыл бойы Шығыстың ұлы оқытушысының

еңбектерін зерттеумен айналысып жүр. «Әл-Фарабидің көптеген еңбектері әлі де толық ашылған жоқ. Мендегі мәліметтер бойынша ол 150 кітаптың авторы, оның 50-ін таптық, қалғандары тізімде ғана бар. АҚШ Чикаго қаласындағы кітапханада 1930 жылы ашылған әл-Фараби орталығы бар. Мен Екінші Аристотельдің бірқатар тың дүниелерін сол жерден таптым», – деді ол өз сөзінде.

Кездесуге жиналған шетелдік ғалымдар ғұлама әл-Фарабидің мерейтойын жоғары деңгейде өткізу бойынша ұсыныс-кеңестерін ортаға салып, алдағы уақытта осы бағытта бірлесіп жұмыс жасау үшін үнемі байланыста болатынын айтты.

Қайыржан ТӨРЕЖАН



10 ақпанда география және табиғатты пайдалану факультетінде «Заманауи Қазақстанның нарықтық экономика жағдайындағы картография-геодезиялық бағыттағы түлектердің моделі» атты дөңелек үстел өтеді

Жалғасы. Басы газетіміздің алдыңғы нөмірінде

Әл-Фараби ілімі бойынша надан қаланың ең нашар түрі деп билікқұмар қаланы санайды.

Философ ұжымдық қаланы кейде еркін қала деп атайды. Ол барлық қалалардың ерекшеліктерін біріктіреді: ұждансыздық (төмендік) пен асқақтықты үйлестіре біледі. Сонымен қатар, Әл-Фараби қоғамдық өмірдің тұтастығына баса назар аудара келе, аталған қалалардың үлгілері таза түрде кездеспейді дейді. Бұл шындық және бұл жерде әл-Фараби нәсілшілдік пен нацизмнің көріністерін тудыратын кез келген тұжырымдамалардан жоғары тұр. Қаланың халқы бес санаттан тұрады: 1) ең лайықтылар; 2) шешендер - ғылым, өнер және рухани қызметпен айналысатын адамдар; 3) өлшегіштер (шеңділер және техникалық қызметкерлер); 4) жауынгерлер; 5) байлар. Кейбір пайымдауларға сәйкес, Фарабидің қайырымды қаласының прототипі Оңтүстік Арабияда, Бахрейнде IX-XI ғғ. шынында болған қала. Шын мәнінде, бұл қала «идеал қала» сұлбасы бойынша емес, өз заманының ережелеріне сай жасалған болып шыққан.

Ал теориялық прототип ретінде әл-Фараби қаласына «түпнұсқа» мен «прототипі» арасында белгілі айырмашылықтары болса да, антикалық заманның әлеуметтік утопиясы – «платондық мемлекетті» алған. Платон сияқты, әл-Фараби де адамдарды әлеуметтік-пайдалы қызметтеріне сай бөледі. Бірақ мұндай бөлу адамдар арасында айқын теңсіздік әсерін тудырмайды, олардың барлығын ортақ мақсат – атқаратын лауазымдарына қарамастан, өзін-өзі жетілдіру арқылы бақытқа жету біріктіреді.

Платон билеушілерді, философтарды және аздаған дәрежеде қорғаншы сарбаздарды кемелділік қабілетке ие етеді, ал қалғандарына олардың бағынышты құралы болуы, оларға және өздері үшін материалдық игілікті жасау, сондай-ақ, біріншілерге сырттай қарап тамашалау қызметімен айналысу мүмкіндігін береді.

Әл-Фарабидің гносеологиялық оптимизмі оның ілімінде әлемді түсіну қабілеттері мен мүмкіндіктеріне деген сенімділіктің шаттанған жай-күймен біріктірілуінде жатыр: адамның ғарыштық мақсаты бар және адам бақытты болуға тиіс. Бұл жерде Эпикур және Спинозамен еріксіз параллельдер анықталады. Эпикур сияқты, әл-Фараби де философия бақытқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады, өйткені ол болмыстың ішкі заңдарына еніп, оларға сәйкес өмір сүруге мүмкіндік береді деп санайды.

Осыған байланысты Сократтың максимализмінен шығатын этикалық интеллектуализм туралы айтады: бір нәрсені терең біле тұра осы білімге қайшы әрекет жасауға болмайды. Әл-Фараби білімді кітаби түрде, дерексіз, адамға қандай да бір қосымша ретінде түсіндірмейді. Бұл адамның етіне енетін нәрсе. Философ деп Аристотельдің барлық шығармаларын толығымен оқыған, жаттап, бірақ олардың мағынасын жанымен түсіне алмаған адамды емес, Аристотельді оқымаса да, ақылға қонымды және қайырымды әрекет жасайтын жанды санау керек дейді.

Ойшыл көзқарасы теологиямен соншалықты лайланбаған және таза, ал стилі кейде кекесінді, тіпті зәрлі, таң қалдырмай қоймайды. Әл-Фараби көптеген адамдардың ішкі мағынасыздығын және жануарлық эгоизмін жасыру үшін білімді пайдаланудағы екіжүзділігін көріп, әшкерелейді.

Әл-Фараби ұстаз бен жанұя басшысын билеушімен салыстырады, бірақ ол азаматтарды тәрбиелеуде әлеуметтік,



саяси тұстың, яғни күштеу, қарулы күш, сот және т.б. арқылы әлеуметтік нормаларды орындауға мәжбүрлеу болатынын түсінеді. «Қалалық бірлестіктің негізгі мүшесінің» мінсіздігі тақырыбы – әл-Фараби шығармашылығындағы рефрен. Әл-Фарабидің «қайырымды» мемлекет-қаласы – адамның ең жоғары игілікке және лайықты өмір салтына жеткізе алатын ең жақсы және табиғи қарым-қатынас үлгісі. Мұндай қаланың басты белгілері – тәртіп пен оның тұрғындарының, ең алдымен, билеушілерінің жоғары моральдық қасиеттері.

Осындай қаланың билеушісіне сәйкес келуі талап етілетін шарттардың барлығы дерлік исламдық қауымдастыққа қатысы бар екендігін атап кеткен жөн. Зерттеудің нысаны мен мақсатының түпкі ортақтығын негізге ала отырып, әл-

«Ортағасырлық ғылым таарихында өзінің ауқымды ғылыми жұмыстары, терең әрі жан-жақты энциклопедиялық білімі жөнінен Әл-Фарабимен теңдесе алатын ғалымды табу қиын»

П.Н. ФЕДОСЕЕВ, атақты орыс ғалымы

Фараби саясатты мұсылмандық құқықтық доктринамен және діни канондармен бір қатарға қойды. Бұдан саясаттың грек философиясы мен мұсылман моралін, дінін және құқықтық теориясын саясат туралы бір жалпы теорияға біріктіру әрекетін көруге болады.

Саясатқа мұсылман діни көзқарасы мен мораль тұрғысынан қарау, билікке талдау жасау – бұл ислам философиясын сол кездегі мемлекет – Араб халифатын ислам құқығымен бірлесе отырып зерттеуін жақындатты. Дегенмен, әл-Фарабидің өзі философияны білімнің шыңы деп санап, ғылымды діннен жоғары қойған.

Әртүрлі дәуірлердің ойшылдары саяси қайраткердің тұлғасына, оның моральдық және басқа да ерекшеліктеріне қызығушылық танытқан. Әрбір нақты қоғамға қандай да бір ұсыныстарды шығару үшін жалпы Шығыстағы мемлекеттік биліктің ерекшеліктерін білу керек. Әл-Фарабидің айтуынша, қайырымды мемлекетте заң шығарушы әкім немесе имам, рухани ұстаз зайырлық билік пен рухани билікті біріктіреді, философ-әкім бірінші билеушінің қасиеттерін біріктіреді: ол теорияға ие және оны іс жүзінде қолдануға қабілетті. Және бұл – Ұлы дала халқының далалық дүние тануына үстемеленген пайғамбардың ілімімен бірге қабылдаған шығыс дүниетанымының квинтэссенциясы.

Бұл – көптеген көрнекті антропологтар, әлеуметтанушылар, этнологтар және саясаткерлер өз еңбектерін арнаған үлкен теориялық дилемма.

Асылында (идеалында), қайырымды қала, Әл-Фарабидің пайымдауынша, исламның мінсіз ережелерін сақтай отырып, тұрғындарының рухани тазалығы мен парасаттылығы, тәрбиенің «ізгілікті» идеялары негізінде құрылып өмір сүре алады. Бүгінгі геосаясат жағдайында аталған идеялар кейде жай утопиялық деп қана емес, тіпті кейде ислами фанатизмнің рухани нұсқауы ретінде түсіндіріледі. Осылайша, арам ниетті тәржімашыларға радикализмге көпір салуы қиын емес, кейбір бұқаралық ақпарат құралдарында ондай жасалынып та жатыр.

Әл-Фараби және көптеген басқа да реформатор-ағартушылар сияқты ойшылдар энциклопедиялық білімдері мен мүмкіндіктеріне қарай, тіпті көзқарастарының кей тұстары идеалистік болып көрінсе де, қоғамдастықтарға өмірді ақылға қонымды негізде қалай ұйымдастыруға болатынын көрсетуге тырысқан. Арман да утопия сияқты адамға қалауының/болашақтың бейнесін, импульсін, үмітін береді. Бұл – адам ұмтылатын мақсат.

Бұл армандар мен утопиялардың негізі ақылға қонымды идеялар ретінде ешқашан жүзеге асырылмайды деген сөз емес. Әрбір азамат, қоғамның саналы және қабілетті мүшесі саналы шешім қабылдауға құқылы. Тәуелсіз Қазақстанның жас ұрпағы әлемнің зияткерлік қазынасынан өзіне ең үздікті мұра етіп, оны жаңа тұжырымдамалық негіз бен әдіснама арқылы дамытуға, дәстүрлерді қорғауға тиіс.

Әл-Фараби «Азаматтық саясатта» адам

кала дегенін мемлекет деп түсіне отырып, оның ойларынан үлкен азаматтық гуманизмнің биік көріністерін табамыз. Мұнда тек жеке басының мүдделері ғана емес, қоғам мүдделерін жоғары санауы үлкен бір азаматтықтың, адамгершіліктің қасиетті көріністері деп білеміз.

Әл-Фараби адам міндетті түрде адал ниетті болу керек деп есептейді. Өйткені, жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады.

Жетік философ теориялық ғылымдарды да білуге, бұл ғылымдарды басқа ғылымдарда да қолдана білуге тиіс. Платон мен Аристотель нағыз философқа әкімнің міндеттері жүктелуге тиіс деп санады, бірақ Платонның пікірінше, философ өзгермейтін ақиқаттарды меңзеп, мемлекетті басқаруды жоғары мақсатқа жетуге бөгет жасайтын ауыртпалық деп есептейді, ал Әл-Фараби, керісінше, тіршілік істерден бойын аулақ салмайды, қайта адамдардың ақиқатқа жету жолына түсуіне көмектесуге тырысады. Бұл арада Әл-Фараби дін мен философияны салыстырады. Оның пікірінше, дін-философияның ұқсасы: екеуі де жоғары принциптерге бар заттардың бастамаларына түсінік береді. Бірақ философия дәлелдеуді, дін сенуді керек етеді. Фараби мемлекетті философтар басқару керек дейді. Заң шығарушы өте жақсы пайымдаудың арқасында адамның мүдделеріне сай келуге тиіс заңдарды дұрыс жүзеге асыра алады.

Имам — ең жоғары дәрежеде теориялық білімі және ойшылдық қайырымдылықтары бар адам, мұның өзі оған адамдарға ақылшы, жетекші болып, оларды бақытқа жетуге бағытталып отыруға құқық береді.

Сонымен, «философ», «заң шығарушы», «имам» және «бірінші басшы» ұғымдары бір нәрсеге келіп қосылады. Олар бір мақсатқа қызмет етеді, бірақ бұл мақсатты әртүрлі әдістермен жүзеге асырады. Адамдар бірлестіктерінің ерекшелік белгілері болып табылатын теориялық және практикалық қайырымдылықтарға тек философияның көмегімен жетуге болады деп тұжырымдайды ұлы ғұлама. Міне, көріп отырсыздар Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастарынан бүгінгі қоғамның көріністерінен пайдалы тиесілі үндестік табамыз. Адам, мемлекет, ел басқару жөніндегі Фарабидің өз заманында айтылған құнды пікірлерінің қазіргі таңда да қаншалықты маңызы барлығына көз жеткізіп отырымыз.

Жақыпбек АЛТАЕВ,
философия кафедрасының профессоры, филос. ғ.д., Фарабитанушы



Әл-Фараби орталығында «Нархоз» университеті және ҚазҰУ-дың оқу-әдістемелік бірлестіктерінің отырысы өтті

Мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, шеберлікті, мейірімділікті қажет ететін мамандық – ұстаздық. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне білім мен ғылымды дәріптеп қана қоймай, биік мақсаттары бар, өз бойында бүкіл адамзаттық құндылықтарды жинақтаған, өз өміріне өзі басшылық жасап, өзін-өзі дамытатын тұлға болуына, дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге қабілетті етіп тәрбиелеуі керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді.

ӨМІРДАРИЯ

Ұстаздың қадір-қасиет, құрметке бөленуі өзін қоршаған орта мен әрбір шәкіртіне асқан сезімталдықпен, жауапкершілікпен қарым-қатынас жасауында. Өйткені оның қарапайым да сыпайы киім киісі, мәдениетті сөзі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-әрекеті, білімі шәкіртке өнеге. Ұстаз шәкіртінің білімін шыңдаушы, білімнің биігіне қанат қағып, талай асуларды бағындыру жолындағы демеушісі, ақылшысы, әрі қолдаушысы екені бәрімізге белгілі. Бізге білім мен ғылым жолында ақылшы, демеуші, әрі қолдаушы болған ұстаздардың бірі – Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің екі дүркін үздігі, Білім беру ісінің құрметті қызметкері, биология ғылымдарының кандидаты, профессор Торманов Нұртай Торманұлы мерейлі 80 жасқа толып отыр.

Ғылым мен білімнің қара шаңырағын жиырма жасында имене аттаған студент, осы табалдырықтан ғұмырлық білім нәрімен сусындап, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде жарты ғасырдан аса уақыт тер төгіп, аянбай еңбек етіп, бүкіл саналы ғұмырын өскелең ұрпақтың бойына білім нәрін құюдан жалықпай, сол жолда қыруар істерді атқарып, бүгінде көпшілікке танымал ұлағатты ұстаз болды.

Нұртай Торманұлы Ұлы Отан соғысы басталар алдында 1940 жылы Қызыл-Орда облысы, Қармақшы ауданының Ақжар совхозында дүниеге келді. 1957 жылы, ЛКСМК-ның 25 жылдығы атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін, комсомолдық жолдамамен өзінің туған совхозында үш жыл бойы әртүрлі жұмыс атқарды. 1960 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) биология факультетіне оқуға түсіп, 1965 жылы бітіріп, Біріккен Ұлттар ұйымының шешіміне сәйкес «Халықаралық биология бағдарламасы» бойынша адам және жануарлар физиологиясы кафедрасының жанында жаңадан ашылған проблемалық ғылыми-зерттеу лабораториясында еңбек жолын бастады.

ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДА

1966-1970 жылдар аралығында физиологиялық ғылыми-зерттеу проблемалық зертханасының «Халықаралық биология бағдарламасы» бойынша, адам және жануарлардың әртүрлі эколого-географиялық ортаға бейімделуінің физиолого-биохимиялық механизмдерін зерттеулермен айналысу барысында Орта Азия мен Қазақстанның таулы аймақтарында (Памир, Іле және Қырғыз Алатауы) және Маңғыстау түбегінің шөл, шөлейт жерлерінде тіршілік етуші тұрақты тұрғындары және уақытша келушілердің экстремалды ортаға

НҰРТАЙ ТОРМАНҰЛЫ- мерейлі 80 жаста

бейімделу механизмдерін зерттеуге ұйымдастырылған арнаулы ғылыми экспедицияларына қатысты. Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша 1974 жылы «Гипоксия мен сыртқы ортаның жоғарғы температурасына адам және жануарлар қанының құрамындағы белоктар мен белок фракцияларындағы жас ерекшеліктеріндегі өзгеріс» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Нұртай Торманұлы педагогикалық қызметке 1971 жылдан бастап кірісті, терең білімі мен жеткілікті тәжірибесі және ілгері басқан іскерлігі нәтижесінде жылдар өткен сайын биік баспалдақтарға қарай сеніммен қадам жасап, аға оқытушы, доцент, профессорлық лауазымға жетті. Сонымен қатар 1975-1980 жылдар аралығында биология және география факультетінің кешкі және сыртқы бөлімінің деканы, 1983-1989 жылдары биология факультеті деканының орынбасары, 1989-1995 жылдар аралығында биологияны оқыту әдістемесі атты кафедраның меңгерушісі болды. Басшылық қызметте жүргенде ағай «бармын» деп ешқашан асыптаспаған жан, бәрі уақытша нәрсе екенін ешқашан естен шығармаған. Басшы болу бір басқа да басқара білу бір басқа. Қолыңа мансап тиді екен деп төңірегіңе сенім артып қана жүру жарға жығуы мүмкін. Абай «өзіңе сен, өзіңді алып шығар, ақылың мен қайратың екі жақтап» деп айтқандай Нұртай Торманұлы өзіне сеніп басшылықты да абыроймен атқарды. Аса беріліп істеген жұмыстары өрге сүйреп, абыройы мен атақ-даңқы одан әрі асқақтай түсті. Соның бәрі де адал еңбегінің арқасы екендігіне ешкім де шек келтіре алмайды.

Профессор ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізумен қатар, 45 жылдан астам уақыттан бері жастарға білім және тәрбие берумен айналысып келеді. Нұртай Торманұлының өмірдегі, білім мен ғылымдағы жетістіктері – тәуелсіз еліміздің жас ұрпағы үшін зор өнеге көзі, үлкен тағылым мектебі. Ол кісі жастардың тұлғалық және кәсіби дамуы үшін іскерліктер мен дағдыларды алуына, қабілеттері мен жеке қасиеттерін дамытуға, сондай-ақ өңіріндегі қоғамдық өмірге белсене қатысуына көмек көрсетуден бас тартқан емес. Өзінің оқу үрдісіндегі білімі мен тәжірибесін жастарға үйретуде аянбай еңбек етіп келеді. Оның дәлелі 1985 жылдан бастап, Алматы қаласының көптеген мектептерінде Қазақстан Республикасы бірінші Президенті Қарасай аудандық корпоративтік қорының басқаруымен мектеп оқушылары мен мұғалімдеріне оқу-әдістемелік көмек көрсетумен қатар биология пәнінен олимпиадалар өткізуге белсене қатысып келеді.

1985-1991 жылдар аралығында Ы.Алтынсарин атындағы Білім беру проблемалары ғылыми-зерттеу институтымен бірігіп «Биология пәнін тереңдетіп оқытатын гимназиялар мен мектептеріне арнайы оқу-әдістемелік кешен жасау» мәселелерімен айналысып, оқу-әдістемелік құралдар дайындауға мұрындық болды. 1997-

1998 жылдары профессор Нұртай Торманұлы Халықаралық биология олимпиадасында (1997 жылы Ашхабад, 1998 жылы Германия Киль қаласында өткен) Қазақстан командасының координаторы болды. 1998 жылы ҚР Білім және мәдениет министрлігі жанынан Республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығын ұйымдастыруға үлес қосты. Осы орталықта бірқатар дәрістер оқып, биология пәні бойынша мұғалімдермен тәжірибе алмасты. 2009 жылдары Қызыл-Орда мен Талдықорған облыстарында Республикалық деңгейде пәндік олимпиадалар өткізуге қатысты. Сонымен қатар республикамыздың басқа да облыстарындағы мектеп оқушылары мен оқытушыларына өзінің білімін, біліктілігі мен тәжірибесін үйретуде.

Еліміздің биолог мамандарын тәрбиелеуде бірден бір өнеге көрсетуші, ақыл кеңес беруші, жол сілтеуші ұстаз – Нұртай Торманұлы. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» демекші, ол кісінің жетекшілігінде болған және ол кісіден білім алған түлектері бүгінгі таңда еліміздің білім беру салаларында еңбек етіп жүр. Олар педагогикалық тәжірибесі зор, еңбексүйгіш, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын ұстаздан білім алғанын болашақ ұрпаққа, студенттерге, жас мамандарға үлкен мақтанышпен жеткізеді.

БЕЛСЕНДІ ҒАЛЫМ

Нұртай Торманұлы кафедраның, факультеттің және университеттің қоғамдық жұмыстарына да белсене ат салысып келеді. Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп отырған осы уақытта тіліміздің мәртебесін арттыруға үлес қосып, 2004-2008 жылдары факультеттегі «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы болды. Факультеттің ғылыми кеңесінің және әдістемелік бюросының мүшесі болған кезде студенттерге білім мен тәрбие берудегі бірқатар мәселелерді шешуге ат салысты. 2005 жылдан осы уақытқа дейін ҚР БҒМ жанындағы стандарттау және ұлттық тестілеу орталығында эксперттік комиссия мүшесі ретінде білім беру жүйесі алдында заманның жоғары технологияларының талаптарына сай келетін біліктілігі жоғары деңгейлі мамандарды даярлауда білім сапасын тәуелсіз сырттай бағалауға бағытталған тест тапсырмаларын саралауға да өз үлесін қосып келеді. Республикалық ғылыми-педагогикалық «Биология және салауаттылық негізі» журналының редакция кеңесінің тұрақты мүшесі. Бүгінде ағай 80-нің сеңгіріне жетсе де, білім мен ғылымның қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері мен магистранттарына дәріс беріп, өзінің үлкен де мол тәжірбиесімен бөлісуде.

Нұртай Торманұлының педагогикалық еңбек жолындағы ғылыми еңбектері – сарқылмас қазына. Ағайдың 20-дан астам оқу құралдары мен оқулықтары, әдістемелік нұсқаулықтары, 250-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік мақалалары жарыққа шықты. Нұртай Торманұлы нәтижелі ғылыми-педагогикалық жұмыстары



үшін университет ректорларының бұйрығымен бірнеше дүркін (20 рет) алғыс жарияланумен қатар, 1984 жылы «Қазақ университетіне 50 жыл» мерекелік төс белгісімен, 1994 және 1996 жылдары «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», 1996 жылы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне 75 жыл» құрмет белгісімен, 2014 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерекелік медалімен және басқа да көптеген медальдермен, дипломдармен, құрмет грамоталарымен марапатталды.

Ол кісінің білім мен ғылым саласында шоқтығы биік. Әріптестерінің ортасында зор беделге ие. Студенттер мен магистранттар өнеге тұтып қадірлейді. Жастайынан білім мен ғылымға құштар Нұртай Торманұлының шыққан биігі ұзақ жылғы еңбегінің жемісі. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді дана қазақ. Сандаған шәкірт тәрбиелеп, ғылымға сүбелі үлес қосып келе жатқан қазақтың осындай ұстаздарының болуы біз үшін үлкен мақтаныш, зор мәртебе. Біз ағайымызды мақтамаймыз, ол кісімен мақтанамыз! Мақтана отырып:

Білімнің биігіне жетеледің,

Таусылмас қазынаның мекені едің.

Ұстазым, өзің салған соқпақ жолдың,

Бар жүгін дәл өзіңдей көтеремін.

Алдыңнан талай асу бел көрінді,

Тым ұзақ таусылмайтын шөл көрінді.

Бәрі де білімнің берекесі,

Бүгін ел бағалайды еңбегіңді, – деген өлең жолдарын өзіңізге арнай отырып, Сізді сексеннің сеңгіріне шыққан мерейтойыңызбен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, биология және биотехнология факультеті, биофизика және биомедицина кафедрасының ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймыз. Уақыт керуеніне ілесіп, бар ғұмырын ел игілігіне арнаған, ғылым жолында талмай еңбек етіп келе жатқан айтулы ғалым, жүздеген шәкірттердің тәжірибелі тәлімгері, ұлағатты ұстазы білім беру ісіне белсене атсалысып отырған мерейлі мерекеңіз құтты болсын! Ұзақ жылдар бойы шаршамай-талмай еткен еңбегіңіздің зейнетін көріңіз! Қажыр-қайратыңыздың арқасында талай абырой биігінен көрініп, ұрпағыңызға үлгі болар абзал жан ретінде өзіңізді танытып-ақ жүрсіз. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге табыс тілейміз. Әрқашан мерейіңіз үстем болсын! Мерей тойыңыз құтты болсын!

**Биофизика және биомедицина
кафедрасының ұжымы**

ӘЛ-ФАРАБИ ЖЫЛЫ БАСТАЛДЫ



1150 жыл
Әл-Фарабидің мерейтойы



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА,
Қайыржан ТӨРЕЖАН, Светлана ӨМІРҒАЛИЕВА
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер
орталығында теріліп, беттелді. АҚ
"Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №143

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және
бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген